



010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 28, № 4 кеңсе
тел.: 8(7172) 28-75-21, факс: 8(7172) 28-75-30
www.enic-kazakhstan.kz
e-mail: cbpiam@n-k.kz

16 ФЕВ 2022

№ 1550/04-39

010000, г. Нур-Султан, пр. Қабанбай батыра, 28, офис № 4
тел.: 8(7172) 28-75-21, факс: 8(7172) 28-75-30
www.enic-kazakhstan.kz
e-mail: cbpiam@n-k.kz

**Қазақстан Республикасы
Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру ұйымдарының басшыларына**

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру
бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері
бойынша нұсқаулық хат**

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы (бұдан әрі – Оператор) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген орталық директорының 2022 жылғы 7 ақпандағы №154 н/қ бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі туралы Ережеге" білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі-ББ) өтінімдерін қарау мен сараптамасына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін хабарлайды.

Осыған байланысты, өтінім беру кезінде жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мыналарды ескеруі қажет.

1. ББ тізілімін жүргізу тәртібі

1. Оператор өтініш берушінің ББ-ны қосуға немесе жаңартуға берген өтінімін қарастырады, дұрыс толтырылғанын және бөтен материалдың бар-жоқтығын 10 (он) жұмыс күні ішінде тексереді. Уәкілетті органның білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру туралы шешімі болған жағдайда, өтінім қабылданбайды.

ББ төлқұжатында бөтен материал анықталған жағдайда (мәтін сәйкестіктерінің рұқсат етілген шегі – 50%-дан жоғары емес), ББ берілген күнінен бастап 12 ай ішінде қайта беру құқығынсыз қайтарылады.

2. Оператор Комиссия отырысының хаттамасы негізінде ББ-ны пысықтауға немесе сараптамаға жолдайды, не ББ-ны жаңартады.

3. ББ төлқұжаты дұрыс толтырылмаған жағдайда ББ пысықтауға қайтарылады. ББ-ны Оператордың ескертулері бойынша пысықтау 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Пысықталған ББ-ны Оператор 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды. Оператор Комиссияның шешімі негізінде пысықталған ББ-ны сараптамаға

жолдайды. Егер Оператордың ескертулері жойылмаған немесе ББ уақытында пысықталмаған жағдайда, өтінім қабылданбайды.

4. Сараптамадан кейін Оператор Комиссияның шешімімен ББ-ны қосады, жаңартады немесе ББ тізілімінен алып тастайды.

5. Оператор Комиссияның шешімі негізінде ББ-ны ББ тізіліміне мынадай жағдайларда қосады немесе жаңартады:

- сарапшылардың оң қорытындысы;

- оқу нәтижелеріне қол жеткізу коэффициенті – кемінде 75 % (жетпіс бес пайыз);

- ББ 2 (екі) реттен артық пысықталмайды, оның ішінде Оператордың ескертулері бойынша – бір пысықтау, Сарапшының ескертулері бойынша – бір пысықтау.

6. Оператор және (немесе) сарапшы қабылдамаған ББ қосуға және жаңартуға арналған өтінімді қайта қарау өтініш берушінің есебінен ақылы негізде жүргізіледі. Бұл ретте бір ғана ББ-ға өтінімді өтініш беруші 12 ай ішінде 3 реттен асырмай береді.

II. Білім беру бағдарламаларын сараптау

7. Қолданыстағы және жаңа ББ сараптамасын бір мезгілде екі сарапшы, инновациялық сараптаманы – үш сарапшы жүргізетін болады.

8. Сарапшы өзіне жіберілген ББ-ға сараптаманы 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

9. Сарапшылар:

- өтінімнің қабылданғанын растайды;

- ББ-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, ұлттық біліктілік шеңберіне және (немесе) салалық біліктілік шеңберлеріне, кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) сәйкестігін қарайды;

- ББ атауының бағдарлама мазмұнына және білім берудің белгілі бір саласына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышымен даярлау бағытына сәйкестігін талдайды;

- ББ төлқұжатын толтырудың дұрыстығын тексереді;

- ішкі бағандарда тексеру нәтижесінің «жоғары», «орташа», «төмен» мәндерін таңдай отырып, қалыптастырушы ОН-мен байланысқан әрбір пән бойынша ОН-ның қол жеткізу дәрежесін анықтайды. ББ бойынша ОН қолжетімділік коэффициентін есептеу кезінде жүйе көрсетілген мәндер бойынша сарапшының таңдауына сәйкес деректерді есептейді. Алынған нәтиже пайызбен («ОН-ға қол жеткізу коэффициенті» өрісінде) үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектенеді;

- инновациялық ББ-ны өзектілігі мен жаңалығының сәйкестігіне, қызметтің жаңа түрлеріне бағытталуына, кәсіпке деген сұраныстың жоғары деңгейіне, ел және өңір экономикасы салаларының басымдылығы қағидатына, ББ-ны іске асырудың нақтылығына және оқыту нәтижелерінің өлшенуіне, жан-жақты зияткерлікті дамытуға бағытталуына, мега трендтерді есепке алуға және инновациялық экономиканы дамытуына қарай бағалайды.

10. Сарапшылар ББ-ны сараптау нәтижесі бойынша ББ-ны ББ тізіліміне қосу немесе жаңарту не пысықтауға қайтару туралы қорытынды береді.

Сарапшы ББ төлқұжатында бөтен материалдың болғанын анықтаған жағдайда (мәтін сәйкестігінің жол берілетін шегі - 50% - дан аспайды), ББ-ны берілген күнінен бастап 12 ай ішінде қайта беру құқығынсыз қайтарады.

11. Өтініш беруші ББ-ны сарапшының ескертулеріне сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде пысықтайды. Сарапшылардың ескертулерімен келіспеген жағдайда өтінім беруші түсініктемелер жібере алады.

12. Сарапшы пысықталған ББ-ны немесе өтінім берушінің түсініктемелерін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды. Ескертулер жойылмаған немесе уақытында пысықталмаған жағдайда сарапшы өтінімді қабылдамайды.

13. ББ Тізілімге барлық сарапшылардың қорытындылары оң болған жағдайда ғана қосылады.

III. Даярлау бағыттары бойынша лицензия алу үшін берілетін білім беру бағдарламаларын сараптамасы

14. Тізілімге бас лицензия және/немесе кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензияға қосымшаны алу үшін ұсынылған ББ сараптамасы нәтижесінде сарапшылар «лицензия алу үшін ұсынылады» немесе «лицензия алу үшін ұсынылмайды» деген қорытынды береді.

15. Барлық сарапшылардың оң қорытындысы болған жағдайда, ББ Тізілімге қосылады, бірақ ортақ қол жеткізу үшін көрінбейді.

16. Егер сарапшылардың «лицензия алу үшін ұсынылады» деген қорытындысы алынғаннан кейін 6 (алты ай) ішінде бас лицензия және /немесе кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензияға қосымшаны өтініш беруші алмаған жағдайда, ББ Тізілімнен алынып тасталады.

IV. Білім беру бағдарламаларын жаңарту

17. ББ тізіліміндегі ББ-ны жаңартуға арналған өтінім оқу нәтижелері 50%-дан көп өзгерген және/немесе Тізілімге қосылған ББ пәндерінің жалпы санына 30%-дан астам жаңа пән қосылған/өзгертілген жағдайда сараптамаға жіберіледі.

18. ББ-ны жаңартуға арналған өтінім мынадай жағдайларда сараптамаға жіберілмейді:

- сипаттамасы ұқсас және оқыту нәтижелері бар қайталанатын пәндерді жою;

- пәнді бір циклден немесе компоненттен екіншісіне ауыстыру;

- оқыту нәтижелерін сақтай отырып, кредиттердегі пәннің еңбек сыйымдылығы көлемінің өзгеруі;

- таңдау компоненті бойынша пәндердің жалпы санынан 30% аспайтындай пәндерді өзгерту;

- оқытудың бар нәтижелерін сақтай отырып, пән сипаттамасын өзгерту (нақтылау);

- мәтінді техникалық түзету.

Комиссияның шешімі негізінде көрсетілген параметрлер бойынша түскен өтінімді Оператор сараптама жүргізбей жаңартады.

V. Білім беру бағдарламасын алып тастау

19. Оператор Комиссияның шешіміне сәйкес ББ-ны мынадай жағдайлардың бірі болған кезде ББ тізілімінен алып тастайды:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 10-тармағына сәйкес жүргізілетін ББ мониторингінің нәтижелері;

2) өтініш берушінің Тізілімнен ББ-ны алып тастау туралы өтініш берушінің алқалы органы отырысының хаттамасынан көшірмесі бар өтініші (себебін көрсете отырып).

3) өтініш берушінің Тізілімде ББ-ны алып тастау туралы электрондық нысандағы себебі және өтініш берушінің алқалы органы отырысының хаттамасының нөмірі көрсетілген өтінімі;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның ресми ұсынған ақпараты және (немесе) сот шешімі негізінде өтініш берушіні білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиядан, лицензияға қосымшадан айыру;

5) ББ-ның өзектілігін жоғалту (ББ бойынша контингенттің болмауы);

6) бакалавриат және/немесе магистратура деңгейлерінде 2 (екі) жыл ішінде қатарынан білім алушылар контингентінің немесе бітірушілер контингентінің 3 (үш) адамнан кем болуы;

7) Тізілімге енгізілген сәттен бастап 4 (төрт) жыл ішінде тиісті бағыттар бойынша қолданыстағы және жаңа кәсіптік стандарттар негізінде ББ-ны жаңартудың болмауы;

8) аккредиттеудің қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе оның қолданылу мерзімінің өтуі;

9) сарапшының қорытындысы негізінде ОН-ға қол жеткізу коэффициенті Тізілімге енгізген кезде 75 %-дан кем болуы ;


10) ББ-ны қолданыстағы кәсіптік стандартты (бекітілген кәсіптік стандарт, білім беру бағдарламасының тиісті деңгейі мен даярлау бейіні болған жағдайда), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын ескермей әзірлеу.

Директор



Е. Молдакасимов

16 ФЕВ 2022



**Руководителям организаций
высшего и/или послевузовского образования
Республики Казахстан**

**Инструктивное письмо
по вопросам формирования и ведения Реестра образовательных
программ высшего и послевузовского образования**

Центр Болонского процесса и академической мобильности (далее - Оператор) сообщает, что по согласованию с Министерством образования и науки Республики Казахстан приказом директора Центра от 7 февраля 2022 года №154 о/д в «Положение о Реестре образовательных программ высшего и послевузовского образования» внесены изменения и дополнения касательно рассмотрения заявок и экспертизы образовательных программ (далее – ОП).

В этой связи, при подаче заявок, организациям высшего и/или послевузовского образования необходимо учитывать следующее.

1. Порядок ведения Реестра ОП

1. Оператор рассматривает заявку заявителя на включение или обновление ОП, проводит проверку правильности заполнения и на наличие заимствованного материала в течение 10 (десяти) рабочих дней. При наличии решения уполномоченного органа о приостановлении действия лицензии и (или) приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью, заявка отклоняется.

В случае обнаружения в паспорте ОП заимствований (допустимый предел совпадений текста - не более 50 %), ОП отклоняется без права ее повторного представления в течение 12 месяцев со дня ее подачи.

2. Оператор на основании протокола заседания Комиссии направляет ОП на доработку или на экспертизу, либо обновляет ОП.

3. Оператор направляет ОП на доработку при некорректном заполнении паспорта ОП. Заявитель производит доработку ОП по замечаниям Оператора в течение 5 (пяти) рабочих дней.

Доработанная ОП рассматривается Оператором в течение 5 (пяти) рабочих дней. Оператор на основании решения Комиссии направляет доработанную ОП на экспертизу. В случае не устранения замечаний или несвоевременной доработки ОП по замечаниям Оператора, заявка отклоняется.

4. После экспертизы Оператор, согласно решению Комиссии, включает, обновляет или исключает ОП из Реестра ОП.

5. Оператор на основании решения Комиссии включает или обновляет ОП в Реестре ОП при следующих условиях:

- положительное заключение экспертов;
- коэффициент достижимости результатов обучения – не менее 75 % (семидесяти пяти процентов);
- максимальное количество доработок ОП – не более 2-х (двух) раз, в том числе не более одной доработки - по замечаниям Оператора и не более одной доработки - по замечаниям Эксперта.

6. Повторное рассмотрение заявки на включение и обновление ОП, отклоненной оператором и (или) экспертом, проводится на платной основе за счет заявителя. При этом заявка на одну и ту же ОП подается заявителем не более 3-х раз в течение 12 месяцев.

II. Экспертиза образовательных программ

7. Экспертиза действующей и новой ОП будет проводиться параллельно двумя экспертами, инновационной – тремя экспертами.

8. Эксперт осуществляет экспертизу направленной ему ОП в течение 10 (десяти) рабочих дней.

9. Эксперты:

- подтверждают принятие заявки;
- рассматривают ОП на соответствие государственным общеобязательным стандартам образования, национальной рамке квалификаций и (или) отраслевым рамкам квалификаций, профессиональным стандартам (при их наличии);
- анализируют соответствие наименования ОП содержанию программы и заданной области образования, направлению подготовки согласно Классификатора направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием;
- проверяют корректность заполнения Паспорта ОП;
- определяют степень достижимости результатов обучения (далее - РО) по каждой дисциплине, соотнесенной с формируемыми РО, выбирая значения «высокий», «средний», «низкий» в подстолбцах результата проверки. При расчете коэффициента достижимости РО по ОП система вычисляет данные согласно выбору эксперта по указанным значениям. Полученный результат в процентах (в поле «Коэффициент достижимости РО») округляется до двух знаков после запятой.
- оценивают инновационную ОП на актуальность и новизну, направленность на новые виды деятельности, высокий уровень востребованности профессии, принцип приоритетности отраслей экономики страны и региона, достоверность реализации ОП и измеримость результатов обучения, направленность на развитие множественного интеллекта, учет мега трендов и развитие инновационной экономики.

10. Эксперты по результатам экспертизы ОП дают заключение о включении или обновлении ОП в Реестре ОП либо направлении на доработку.

В случае обнаружения экспертом заимствований в паспорте ОП (допустимый предел совпадений текста - не более 50 %), эксперт отклоняет ОП без права ее повторного представления в течение 12 месяцев со дня ее подачи.

11. Заявитель дорабатывает ОП согласно замечаниям экспертов в течение 5 (пяти) рабочих дней. При несогласии с замечаниями экспертов, заявитель может направить разъяснения.

12. Эксперт рассматривает доработанную ОП или разъяснения заявителя в течение 5 (пяти) рабочих дней. В случае не устранения замечаний или несвоевременной доработки ОП, Эксперт отклоняет заявку.

13. ОП включается в Реестр только в случае положительных заключений всех экспертов.

III. Экспертиза образовательных программ, которые подаются для получения лицензии по направлениям подготовки

14. По результатам экспертизы ОП, которые представлены на включение в Реестр для получения генеральной лицензии и/или приложений к лицензии по соответствующему направлению подготовки кадров, эксперты дают заключение «рекомендуется для получения лицензии» или «не рекомендуется для получения лицензии».

15. При положительном заключении всех экспертов, ОП включается в Реестр без отображения в Реестре для общего доступа.

16. В случае, если в течении 6 (шести) месяцев после получения заключения экспертов «рекомендуется для получения лицензии» генеральная лицензия и/или приложения к лицензии по соответствующему направлению подготовки кадров не получено заявителем, ОП исключается из Реестра.

IV. Обновление образовательных программ

17. Заявка на обновление ОП в Реестре ОП направляется на экспертизу в случае изменения более 50% (пятьдесят) результатов обучения и/или изменения/добавления более 30% дисциплин от общего количества дисциплин во включенной ОП.

18. Заявка на обновление ОП не направляется на экспертизу в следующих случаях:

- устранения дублирующих дисциплин с близким описанием и результатами обучения;
- перемещения дисциплины из одного цикла или компонента в другой;
- изменения объема трудоемкости дисциплины в кредитах при сохранении имеющихся результатов обучения;
- изменения не более 30% (тридцать) дисциплин от общего количества дисциплин компонента по выбору;
- изменения (уточнения) описания дисциплины при сохранении имеющихся результатов обучения;
- технической корректировки текста.

На основании решения Комиссии, заявка, поступившая на обновление по указанным параметрам, обновляется Оператором без экспертизы.

V. Исключение образовательной программы

19. Оператор исключает ОП из Реестра ОП согласно решению Комиссии при наличии одного из случаев:

- 1) результатов мониторинга ОП, проводимого в соответствии с пунктом 10 Методических рекомендаций по формированию и ведению Реестра образовательных программ высшего и послевузовского образования;
- 2) заявления заявителя с приложением выписки из протокола заседания коллегиального органа заявителя об исключении ОП из Реестра (с указанием причины);
- 3) заявки заявителя в электронной форме в Реестре на исключение ОП с указанием причины и номера протокола заседания коллегиального органа заявителя;
- 4) лишения лицензии, приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью заявителя на основе официально представленной информации уполномоченного органа в области образования и (или) вступившего в законную силу решения суда;
- 5) утраты актуальности ОП (отсутствие контингента по ОП);
- 6) на уровнях бакалавриата и/или магистратуры в течение 2-х (двух) лет подряд контингент обучающихся или выпуск составляет менее 3 (трех) человек;
- 7) отсутствия обновления ОП на основе действующих и новых профессиональных стандартов по соответствующим направлениям в течение 4-х (четырёх) лет с момента включения в Реестр;
- 8) приостановления, отзыва или истечения срока действия аккредитации;
- 9) коэффициента достижимости РО при включении в Реестр менее 75% (семидесяти пяти процентов) на основании заключения эксперта;
- 10) разработки ОП без учета действующего профессионального стандарта (при наличии утвержденного профессионального стандарта, соответствующего уровню и профилю подготовки образовательной программы), Государственных общеобязательных стандартов высшего и послевузовского образования, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604.

Директор



Е. Молдакасимов

